

Редакция алқасының төрағасы

Ғ.М. Мұтанов – техника ғылымдарының докторы, академик,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры

Редакциялық алқа:

Т.С. Рамазанов – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, ф.-м.ғ. докторы, профессор;

Ж.Қ. Таймағамбетов – тарих, археология және этнология
факультетінің деканы, т.ғ.д., профессор;

А.Б. Қалыш – археология, этнология және музеология
кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор;

Ә.Т. Төлеубаев – т.ғ.д., профессор;

М.Е. Елеуов – т.ғ.д., профессор;

М.Ш. Эгамбердиев – т.ғ.к., доцент

Жауапты редакторы

А.Б. Қалыш – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология
кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Құрастырушылар:

Р.С. Жұматаев, Ж.М. Терекбаева, А. Айтқали

«XXI ғасырдың басындағы Отандық археология және этнологияның мәселелері мен жетістіктері» атты Ә.М. Оразбаевтың 90 жылдығына арналған «IV Оразбаев оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / құраст.: Р.С. Жұматаев, Ж.М. Терекбаева, А. Айтқали; жауапты ред. А.Б. Қалыш. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 397 бет.

ISBN 978-601-247-519-7

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының негізін қалаушы Ә.М. Оразбаевтың 90 жылдығына арналған жинаққа Қазақстан археологиясы мен этнологиясының бүгінгі күнгі өзекті мәселелеріне арналған зерттеулер енген. Материалдар жинағы археологтарға, этнологтарға, тарихшыларға және қалың көпшілікке арналған.

Материалы республиканской научной конференции, посвященной 90-летию основателя кафедры археологии, этнологии и музеологии КазНУ имени аль-Фараби А.М. Оразбаева, «IV Оразбаевские чтения» на тему «Проблемы и достижения Отечественной археологии и этнологии в XXI столетии». В сборнике собраны материалы, посвященные современным проблемам археологии, этнологии и музеологии. Материалы сборника предназначены археологам, этнологам, историкам и широкой общественности.

Proceedings of the republican scientific conference devoted to 90th anniversary of the founder of the Department of Archeology, Ethnology and Museology Al-Farabi Kazakh National University Abdimanap Orazbayev «IV Orazbaev Read». The collection contains materials devoted to contemporary problems of archeology, ethnology and museology.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

**«XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ОТАНДЫҚ АРХЕОЛОГИЯ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ»**

атты Ә. М. Оразбаевтың 90 жылдығына арналған «IV Оразбаев оқулары»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

26-27 сәуір 2012

МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-практической конференции

«IV Оразбаевские чтения» на тему

**«ПРОБЛЕМЫ И ДОСТИЖЕНИЯ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ В XXI СТОЛЕТИИ»,**

приуроченной к 90-летию А. М. Оразбаева

26-27 апреля 2012

MATERIALS

of the Republican Scientific and Practical Conference

«IV Orazbaev Readings» on the theme

**«CHALLENGES AND ACHIEVEMENTS OF THE COUNTRY
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY IN THE XXI CENTURY»**

marking the 90th anniversary of A. M. Orazbayev

26-27 april 2012

Алматы

«Қазак университеті»

2012

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ОЮ-ӨРНЕК ӨНЕРІ – ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ҚЫШ ҰДЫСТАР КӨРІНІСІНДЕ*

Қазақ халқының шаруашылығы, сәулет өнері, бейнелеу өнері, кәсіпшілігі, киім-кешегі, тұрмыстық сипаты, наным-сенім, дүниетанымдық түсініктерін археологиялық деректер негізіне сүйене отырып мән-мағынасының терең қатпарларына толықтай бойлай алуға болады.

Қай халықтың болса да рухани әлемі ең алдымен дәстүрлі өнерінен көрінеді. Қазақ халқы үшін ою-өрнек өнері байырғы ұлттық өнердің ішіндегі ең көнесі, әрі ең кең тараған саласы болып саналады. Бұл ұлттымыздың мәдени дамуының шежіресі, эстетикалық мәні зор өнер саласы.

«Қазақ ою-өрнегінің көркем ойдың және оның икемді баламасы – түрдің ғасырлар бойы белгілі бір тәртіппен дамып келгеніне байланысты өздігімен өзгешеліктерін сақтап, бізге жеткені мәлім» – деп көрнекті тарихшы-этнограф, өнертанушы Өзбекәлі Жәнібеков өз еңбектерінде айтып кеткен [1]. Осы тұрғыдан алғанда ою-өрнек өнері қазақ халқының өмір тіршілігінде айрықша орын алып, ғасырлардан ғасырларға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, дамып келе жатыр.

Археологиялық деректерге жүгінсек, қазақ халқының ою-өрнек өнері қола дәуіріндегі қыш бұйымдарға салынған сызбаларынан бастау алады.

Қола дәуірінде өмір сүрген тұрғындар ою-өрнектің бастапқы элементтерін керамикаға сол кездің өзінде-ақ сала бастады. Алғашқы элементтер мен композициялар халық арасына жаңғырып келіп бүгінгі күнге дейін жеткен. Қола дәуіріндегі көптеген мәдени мұралар қазақ халқының қол өнерінде де кездеседі.

Қола дәуіріндегі тайпалардың тұрмысы мен әл-ауқаты түгелдей табиғатқа тәуелді болды, сондықтан адам табиғат күшін киелі рух деп білгендіктен бұл күштер ең алдымен күн, от, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі болды. Күн мен от жылылық береді – мұның бәрі қайырымды, құдіретті рухтармен байланыстырылады. Күн тәңірісінің белгілерін сәндік заттардан – бір ортадан жан-жаққа тарайтын сәулелер түріндегі өрнегі бар қаптырмалардан, балшық ыдыстағы меандрлардан көруге болады. Мысалы Солтүстік Қазақстанның алакөлдік кезеңіндегі қыш бұйымдар сыртындағы өрнектердің өзіндік ерекшелігі әртүрлі сызықтар, белдеулер, күрделі меандр, үшбұрыштар мен ромбылар тізбегі екені белгілі. Демек ою-өрнектің шығу тарихы, олардың сюжеті мен мазмұны жағынан мал өсіру және аңшылықты, жалпы әлемдегі тіршілікті бейнелейді [2, с.238-239].

Ою-өрнек өнеріне тұрмыстық жабдықтармен қатар аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтар да кіреді. Байырғы заманнан қазіргі күнге шейін ұлтымыздың ою-өрнектерінің атаулары қалыптасқан. Ай, күн, жұлдыз, көк әлеміне байланысты, аңға, малға, зооморфтық ою-өрнек атаулары халқымызда көптеп кездеседі. Ою-өрнек атауларына байланысты ғалымдарда әртүрлі пікірлер қалыптасты. Ә.Х.Марғұлан ою-өрнектерді төртке бөліп қарастырды: космогониялық, зооморфтық, геометриялық және өсімдік бейнелі өрнек атаулары [3, с.83].

Қыш бұйымдардағы көрінісін алғаш Ә.М.Оразбаевтың еңбектерінен қоруімізге болады. Ғалым қазақ халқының этнокайнар көздері қола дәуірінен бастау алатындығын, этнографиялық ұқсастықтарды қарастырғандығын тағы да айта кеткеніміз жөн. Тамырын тереңнен алатын ұлттық үрдісті жаңғырту Ә.М.Оразбаев еңбектерінің басты қағидасы болып табылады [4].

Климаттың ылғалдануына байланысты өзен жайылымдарын тұнба балшық басады, жер құнарлығынан және мал өсіру – егіншілік шаруашылығы бұрынғы маңызынан айырылады. Шөбі шүйгін, дала ылғалды мал шаруашылығының шапшаң дамуына негіз болады. Сөйтіп, соңғы қола дәуіріне қатысты мал шаруашылығы кәсібінде тері мен жүнді ұқсатуда қолданылатын сүйек, қола заттар, сондай-ақ қанжарлар, жебелер мен найзалардың қола ұштары көбейді. Бірақ та ыдыстар балшықтан емес, негізгі шаруашылығы мал шаруашылығына айналған жылқы, қой, соның ішінде ірі қараның терісінен көшіп қонғанда ыңғайлы, сынбайтын теріден жасалынатын мес, торсық, қауғаның пайда болуына әкеліп соқты. Қауға жөнінде Ә.М.Оразбаевтың Шағалалы қонысындағы зерттеулерінде айтып кеткен [5, с.159-161]. Бірақ бұл қоныста тері қалдықтары кездеспеген. Қайткенменде теріден жасалынған ыдыстар тұрмыста қолайлы екені айдан анық. Ә.М.Оразбаев өз зерттеулерінде қола дәуірінен бастау алатын тері ыдыстар қазақ халқындағы «мес», «торсық» сияқты бұйымдармен ауысқан дейді [6, 60 б.].

Профессор Ә.Т.Төлеубаевтың Әбдіманап Медеуұлына арналған мақаласында былай делінген: «Одним из особых черт археолога А.М.Оразбаева было то, что он часто обращался к этнографическим параллелиям из материальной культуры и быта казахского народа. Например, геометрический орнамент на керамике эпохи бронзы он сравнивал узорами казахских «бау», «басқұр» «алаша», желища эпохи бронзы в планировке и строительной технике - сравнивал с «шошала», юртой и т.д.» [7, с.7].

Қола дәуірінде өмір сүрген тайпалар адам қайтыс болғанда жерлеу барысында тұрмыста тұтынған заттарын жерлеумен бірге адамның астына киіз төсеген, сондай ақ бірнеше қола дәуірі жерлеу орындарынан тері, мата қалдықтары табылғаны соның айқын дәлелі. Солтүстік Қазақстанның Бурабай [2, 238-239 бб.], Тарбағатай теріскейіндегі Ескеалмас [8, с.104-116] қорымдарының жерлеу орнынан кездескен мата қалдықтары дәлел болып отыр. Яғни, мата қалдығы (киімдері) немесе жоғарыда айтып кеткен мес, торсық, қауғаның және де көптеген тұрмыстық қажеттілік жағдайда қолданған теріден жасалған әртүрлі заттардың осындай жерлеу ғұрпы дәстүрінен кейін сақталмауы дәлел болып отыр.

*Выполнена по гранту 0624 МОН РК «Культурогенез населения Казахстана эпохи бронзы и раннего железного века».

Сонымен қатар Шағалалы қонысынан табылған тері өңдейтін сүйекте бейнеленген «аң стилі» яғни сак кезеңі бастауы, қайнар көзі болып табылатын образындағы кейбір өрнектер «қошқар мүйіз», «қара тұяқ», «ит құйрық» ұшбұрыш сияқты қазақ халқының ою-өрнектеріндегі мотивтерді бейнелейді деп айтып кеткен [9, с.64].








Қола дәуірінің соңғы кезеңінде шаруашылықтың жаңа формасының – көшпелі мал шаруашылығының дамуы байланысты қыш ыдыстарды «мүйіз», «қошқар мүйіз», «қос мүйіз», «сынық мүйіз», «тік мүйіз», «ит құйрық» «табан» секілді өрнектермен әсемдеп отырған. «Қошқар мүйіз» өрнегі мыңдаған жылдар бөліп тұрған халықтардың мәдениеттерін байланыстыра ортақ белгілерін айқын көрсетеді.







Табылып жатқан құнды заттай мәдениеттің өрнек мәнерлерінің белгілі бір мағынасының болғанын біз жақсы білеміз. Мысалы зигзаг түрдегі сызықтар мен толқындар суды білдірген. Жер бетінде құрғақшылық болмасын деп ұғыммен. Шиыршық (спираль) өрнектер – үздіксіз, толассыз дамудың бейнесі, ұшбұрыш – жоғары қарай жүргізілетін сызық – ер адамның бастауының символы, ал төмен қарайғы сызықтың бойы – әйел адамның бастауы, төртбұрыш жердің графемасы, шеңбер – дүние әлемін білдіреді.

Ал, Қазақстанның кейінгі қола дәуірінің аса көрнекті ескерткіштері болып табылатын Түгіскен керамикалық комплексіне тән ерекшелік - оның алуан түрлі болып келуінде. Негізгі ою-өрнек мәнерлері – тең бүйірлі шимакталған үш бұрыштар, неғұрлым ұсақ суреттерді көмкере салынатын үш бұрышты ірі фестондар және т.б. Ою-өрнек мәнерлерінің формасы мен сан алуан болып келуі жағынан олар қайсыбір ретте Дәндібай-Беғазы және Қарасұқ мәдениеттерімен (Бұғылы II, Дәндібай қорымдары, Беғазы II, III тақта тас қоршаулары және басқалары) тұрғын үйлеріне ұқсас келеді. Шығыс Қазақстан облысындағы Қанай қонысының тұрғын жайдың оңтүстік шығыс бөлігінен ыдыстар ою-өрнек салу үшін сүйектен істелген жыттыр және тарақ тәрізді қалыптар, қыштың сынығы, үккіш, малдың өңделген жауырыны, малдың жақ сүйегінен жасалған сабау шықты. Қола дәуірінде қыш бұйымдарды безендіру бетін әшекейлеу үшін табылған археологиялық материалдар сол кезде қолданылған құралдар негізінде болғанын дәлелденіп отыр.

Уақыт өте қоғамдағы түсініктің өзгеруімен бірге тек қана қыш ыдыстың сыртында салынуымен шектелмей басқа да заттарға салына бастады. Мысалы Қазақстан территориясында Жетісу, Ұлытаудан, Солтүстік Қазақстаннан табылған қыш ыдыстардағы ою-өрнектер, қола дәуірінің жалғасы Таулы Алтайдағы Пазырық қорғанынан шыққан кілемдегі көріністер қоғамдық мәдениеттің жоғары болғандығын дәлелдейді. Сонымен осы деректердің, басқа да көптеген деректердің негізінде қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің алғашқы үлгілерінің қалыптасуының бастауы, қайнар көзі деуге болады.

Қазақ халқының мәдени мұраларын зерттеп, халықымызға таныту жас ұрпақтың міндеті. Яғни біздің міндетіміз Қазақ халқының киелі ұрпақ екенін ата-бабаларымыздың сонау замандарда қалдырып кеткен мұраларымызды сағасырлар бойы халқымыздың мәдениеттерін осы күнге шейін қолданып келе жатқанымыз дәлел болып отыр.

| I № | Қола дәуіріндегі қыш бұйымдардағы өрнек түрлері | № | Қазіргі қазақ халқының дәстүрлі ою-өрнектері |
|-----|---|----|--|
| 11 |  <p data-bbox="364 1344 651 1375">Орта қола керамикасы. СҚО</p> | 1. |  <p data-bbox="1007 1218 1029 1249">1)</p>  <p data-bbox="993 1354 1014 1386">2)</p> <p data-bbox="1029 1375 1246 1407">1) Ұ.М. Әбдіғалпарова 2) Б.А.Әлмұхамбетов мәліметтерінен</p> |
| 22 |  <p data-bbox="329 1680 679 1711">Баймұрат обасы. №1 қорған. ШҚО</p> | 2. |  <p data-bbox="972 1617 1288 1648">(Ө. Жәнібековтың мәліметінен)</p> |
| 33 |  <p data-bbox="364 1921 644 1953">Тастыбұтақ 1 қорымы, БҚО</p> | 3. |  <p data-bbox="972 1879 1281 1911">(Т.К.Басеновтың мәліметінен)</p> |

| | | | |
|----|--|----|---|
| 44 |  <p>Баймұрат обасы, ШҚО</p> | 4. |  |
| 55 |  <p>Бегазы-Дәндібай мәдениетінің керамикасы. ОҚ</p> | 5. |  |
| 66 |  <p>Бегазы-Дәндібай мәдениетінің керамикасы. ОҚ</p> | 6. |  <p>(Ө.Жәнібековтың мәліметінен) (Шоқпарұлы Д., Дәркенбайұлы Д. Қазақтың дәстүрлі қолөнері. А., 2006)</p> |

1. Жәнібеков Ө. Жолайрықта. – Алматы: Рауан, 1995.
2. Оразбаев А.М. Труды института истории, археологии и этнографии. – Алматы, 1958. – Т 5. – С. 238-239 с.
3. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Алматы: Өнер, 1986 г. – С. 83.
4. Үмітқалиев Ұ.Ұ. Қола дәуірі қоныстарындағы құдықтар // Известия НАН РК. Серия обществ. наук. – 2005. – №1
5. Оразбаев А.М. Колодцы на поселении Чаглинка. Поиски и раскопки в Казахстане. – Алматы, 1972. – С. 159-161.
6. Үмітқалиев Ұ.Ұ. Қола дәуірі қоныстарындағы құдықтар // Известия НАН РК. Серия обществ. наук. – Алматы, 2005. – №1. – С. 60.
7. Толлеубаев А.Т.. Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. – Алматы, 1998. – С. 6.
8. Оразбаев А.М., Толлеубаев А.Т. Новые андроновские памятники Семипалатинской области // Маргулановские чтения. – М., 1990. – С. 104-116.
9. Оразбаев Ә.М. Поселение эпохи бронзы Северного Казахстана. Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана. Фонд 4, опись 12, связка 3. – С. 64.
10. Шоқпарұлы Д., Дәркенбайұлы Д. Қазақтың дәстүрлі қолөнері. – Алматы: Өнер, 2006.

Ж.Р. Утубаев

СЫРДАРИЯНЫҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕЛЕРІ (б.з.д. VII – II ғғ.)

Антикалық грек-рим тарихшылары мен саяхатшылары Яксарт, ортағасырлық араб жазбаларында Сейхун деп аталған Сырдария бойы тас ғасырынан бері тіршілігі үзілмей келе жатқан құтты өлке.

Осы жерді мекендеген халықтар туралы алғашқы деректер де сол антикалық жазбалардан кездеседі. Антикалық тарихшы, географ Страбонның жазбаларында Аралдың жағасын «батпақты жерлерді мекен етуші» массагет тайпалары мекендеген деп атаса, Александр Македонский жорығын сипаттаушы жылнамашылар апасиак, тохар, аугас, сакаравак деп тағы төрт тайпаның атын атайды.

Бұл тайпалар б.з.д. I-мыңжылдықта, негізінен қазір құрғап қалған Қарадария, Іңкәрдария, Жаңадария бойын, Қуандария мен Ескідария және де Жетіасар алқабын мекен еткен. Қазіргі кезде осы аталған аймақтан 200 аса ескерткіш табылып отыр. Олардың ішіндегі ең ірілері: Бәбіш молла (Қос қала), Шірік рабат қаласы, Бұланды, Алып пен Қабылдың қорғандары, Жетіасар камадары.

Дегенмен ғылыми ізденістер, зерттеулер XVIII-XIX ғғ. үлесіне тиді. Көптеген ескерткіштердің орналасқан жері, көлемі, тіршілік еткен уақыты туралы алғашқы мәліметті И. Гладышев, Д.В.Муравин, С.Ремезов, П.Рычков, А.И.Левшин, И.Кастанье және т.б. береді. Ал археологиялық зерттеуді 1867 ж. П.И.Лерх Жанкент қаласынан бастайды. Кең көлемді, жан-жақты ғылыми қазба жұмыстары 1946 жылдан басталды деуге болады.

С.П.Толстов Осы мың сан су арналары, бұлақтары ағып жатқан, батпақты, қолді Сырдария елінде Страбондағы “өзенді құрайтын батпақтарда” немесе “батпақтардағы аралдарда” массагеттер орналасты дейді. Шірік рабат мәдениетін солар жасаған деген қорытындыға келеді [1, с.135]. Ал массагеттер апасиак атымен белгілі шірікрабат

| | |
|--|-----|
| Терекбаева Ж.М. Қазақтың дәстүрлі ою-өрнек өнері – қола дәуіріндегі қыш ыдыстар көрінісінде | 175 |
| Утубаев Ж.Р. Сырдарияның төменгі ағысындағы ежелгі ескерткіштердің суландыру жүйелері (б.з.д. VII – II ғғ.) | 177 |
| Алипова С.Б. История исследования палеолита Южного Казахстана в Центральной Азии | 180 |
| Базылхан Н., Оралбай Е. Шығыс Қазақстандағы көне түрік қоршауынан табылған тас мор жайында (алғашқы талдау) | 183 |
| Салғараев М. Некоторые вопросы исследования скифской культуры. | 185 |
| Байбугунов Б. Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалардың дамуы | 187 |
| Карикулова Б.Ү. Сақ тайпаларындағы дүниетанымдық ерекшеліктер | 188 |
| Қасымов Р. Парсы, грек және қытай деректеріндегі скиф-сақтар туралы мәліметтер | 191 |
| Айтқали А.К. К проблеме изучения памятников кулажоргинского типа Восточного Казахстана | 193 |
| Мұсырманқұл П.Б., Үмітқалиев Ұ.Ү. Ә.М. Оразбаевтың Оңтүстік Қазақстандағы жүргізген зерттеулері | 195 |
| Кукушкин А.И. Проведение реставрационных работ на раннеандроновском могильнике Ащису в Карагандинской области | 199 |
| Сюндюкова А.М. Ақмола облысы: Жәнібек-шалқар кесенесі | 201 |
| Айтбаев А. Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі | 205 |
| Жамбулатов К.А. К вопросу об изучении поселенческих памятников раннего железного века | 207 |
| Дүйсенбай Д.Б. Орталық Қазақстанның қола дәуірі ғұрыптық құрылыстары | 209 |
| Естемесов Е.А. К Ақышевтің зерттеулеріндегі Жетісудың сақ-үйсін кезеңі | 211 |
| Мусаева Р.С. К вопросу об использовании геоинформационных систем (ГИС) в археологии | 213 |
| Дубягина Е.В. Геометрический орнамент эпохи бронзы в рамках андроновской общности | 217 |
| Джумагулов Н.С. Кеңес үкіметі тұсындағы Жетісу үйсін археологиялық ескерткіштерінің зерттелуі | 218 |
| Сағандықова А. Изучение звериного стиля в годы независимости Республики Казахстан | 221 |
| Суворова И.С. Археологические памятники племён раннего железного века Восточного Казахстана как источник выявления социальной стратификации | 224 |
| Садькова З. Семантика сакских украшений | 226 |
| Бутеева Э.М. Еуразияның ерте көшпелілерінің әлеуметтік құрылымы: археологиялық мәліметтер негізінде қашпына келтіру әдістеріне талдау | 228 |
| Кульмаганбетова Г.К. К методике изучения социальной структуры древних обществ | 230 |
| Қайрмаганбетов А. из истории изучения памятников эпохи бронзы Центрального Казахстана в 1917-1960 гг | 232 |
| Шораев Б. Қола дәуіріндегі тайпалардың ғұрыптық кешендерінде идеологияның көрініс табуы | 234 |

ҚАЗІРГІ КЕЗЕНДЕГІ ЭТНОЛОГИЯ МЕН МУЗЕОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ СЕКЦИЯСЫ

| | |
|---|-----|
| Омарбеков Т.О. Тарақ таңбалы қазақ руларының этникалық тамырлары | 237 |
| Исаянгулов Ш.Н. Каи, куны, ураны, баражцы в Башкортостане в домонгольский период | 239 |
| Қалшабаева Б.К. Ирандағы қазақ диаспорасының әдет-ғұрыптарындағы ерекшеліктер | 243 |
| Содномпилова М.М. Маркеры подразделений социума, инструментарий выражения отношений родства в традиции ойратов и бурят | 246 |
| Мұхатова О.Х. Матай руы тарихынан | 250 |
| Mukanova G., Breakthrough mission of research universities in Kazakhstan and Central Asia in the context of globalization: ethno-historical and gnoseological analysis | 252 |
| Тохтабаева Ш.Ж. Образ матери-плодородия, богини-плодородия в декоративно-прикладном искусстве тюркских народов | 254 |
| Каргаева Т. Е. Перовск және Қазалы уезінде колонердің дамуы. XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы | 256 |
| Кәрібаев Б.Б. XIII-XIV ғғ. Алтын Орда хандарының діни саясаты және оның этноүдерістерге тигізген ықпалдары | 260 |
| Файзуллина Г.Ш. Хранение, состав и структура музейных фондов Казахстана в советский период сквозь призму терминологических проблем | 264 |
| Ерғазы Қ.Е. Этнологические особенности казахского народного прикладного искусства | 268 |
| Ерназаров Ж.Т. Қытай қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптарындағы бала этнографиясы мәселелері (Барқол-Қазақ автономиялық аудан мысалында) | 270 |
| Байғабатова Н.К. Сырмақи казахов Монголии | 274 |
| Жумаділ А.К. Қазақтардың қару-жарақпен байланысты салт-дәстүрлері | 276 |
| Қасымов Д.Б. Реализация программы этнической репатриации в Казахстане: миграционные риски и угрозы на основе теории социальной безопасности | 280 |
| Исаева Ә.И. Оралмандардың Қазақстанға қоныстануының кейбір мәселелері | 283 |
| Абдилдабекова А.М. Проблемы диаспоры на страницах периодической печати в первые годы возрождения независимости Казахстана | 285 |
| Телеуова Э.Т. Этникалық қазақтардың отанға оралуына қатысты тәуелсіздік тұсындағы зерттеулердің бағыты | 287 |
| Азмұханова А.М. XX ғасыр басындағы этномәдени аспектілердің ерекшеліктері | 289 |
| Муканова А.Н. Құрбанғали Халидтың «тауарих хамса» еңбегіндегі қазақтар | 291 |
| Егізбаева М.Қ. Қазақ халқының дәстүрлі тамақтану жүйесіне байланысты кейбір мәселелер | 293 |
| Кульсариева С.П., Шалгимбаева С.Х. Охота с ловчими птицами в Казахстане | 295 |
| Тұрғынбаев Е.М. Шәкерім Құдайбердіұлы және шежіретану мәселелері | 297 |
| Хинаят Б. Дәстүрлі қазақ күнқайыру жүйесі: типтері мен ерекшеліктері | 300 |
| Примкулова Г.Ж. Қазақ халқында қамшы және қамшыгерлік өнердің этнографиялық мәні | 303 |
| Сабденова Г.Е. Қазақ халқы мен оның мемлекеттілігін зерттеудің негізгі кеңістіктері | 305 |
| Жанпасов Ж.Е. XVI-XIX ғғ. зерттеу еңбектеріндегі қазақ халқы жайлы этнографиялық мәліметтер | 308 |
| Мұқажанова Т.Н. Өлем музейлері тарихын оқытудың маңыздылығы | 311 |
| Тасилова Н.А. «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдарындағы...» рулар мен тайпалар жөніндегі этнографиялық мәліметтер | 313 |
| Сейсенбаева А.С. 1991-2001 жж. аралығында қазақ диаспорасының Алматы қаласында орналасуы мен саны | 316 |